

Еуразиялық экономикалық одақтың "Электротехника және радиоэлектроника бүйімдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы" техникалық регламентінің (ЕАЭО ТР 037/2016) өтпелі ережелері туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 28 ақпандағы № 24 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 52-бабы 2-тармағына, Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 3-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 11-тармағына сәйкес, Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 20 маусымдағы № 48 шешімімен бекітілген Кеден одағының техникалық регламентін әзірлеу, қабылдау, өзгерістер енгізу және күшін жою тәртібі туралы ереженің 6-тармағын ескере отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Мынадай:

а) 2020 жылғы 1 наурызға дейін Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – Одак) аумағында электротехника және радиоэлектроника бүйімдарын сәйкестікті бағалауды жүзеге асырмай және Еуразиялық экономикалық одақтың "Электротехника және радиоэлектроника бүйімдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы" техникалық регламентінің (ЕАЭО ТР 037/2016) (бұдан әрі – техникалық регламент) талаптарына сәйкестігін бағалау туралы құжаттарсыз өндіруге және айналымға шығаруға жол беріледі;

б) осы тармақтың "а" тармақшасында көрсетілген электротехника және радиоэлектроника бүйімдарының айналымына олардың Одакқа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес белгіленген қызмет ету мерзімі ішінде жол беріледі деп белгіленсін.

2. Беларусь Республикасы Үкіметінен:

а) зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер қағидалары мен әдістерін, соның ішінде техникалық регламент талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестілігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу (өзгерістер енгізу, қайта қарау) бойынша бағдарлама жобасын;

б) оларға қатысты кедендік декларация тапсыру техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігі туралы құжатты ұсынумен ілесе жүргізілетін өнімдер тізбесінің

жобасын Одаққа мұше мемлекеттермен бірлесе отырып әзірлеуді және 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін Еуразиялық экономикалық комиссияға ұсынуды қамтамасыз ету суралсын.

3. Осы Шешім Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің Еуразиялық экономикалық одақтың "Электротехника және радиоэлектроника бүйімдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы" техникалық регламентін қабылдау туралы шешімі құшіне енген күннен бастап, бірақ ерте деңгендеге осы Шешім ресми жарияланған күннен бастап құнтізбелік 30 күн өткен соң құшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

T. Саркисян

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК